

ҒТАХР 06.75

Р. Ә. Төлегенова¹

¹*Сулейман Демирел атындағы Университет, Қаскелен, Қазақстан*

САУДА ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ МЕН АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа: Сауда – экономикалық өмірдің бір саласын бейнелейді, бұл кәсіпкердің қызметі, әрекет ету өрісі және объект-тауар айырбасы, тауарларды алып-сату, осы процесс барысында тұтынушыларға – сатып алушыларға қызмет көрсету, оларға тауарларды жеткізу, сақтау, оларды сатуға дайындау, тауарды сату мен сатып алу қызметтерімен байланысты. Бұл өз тұрғысынан экономикалық делдалдар мен өндіруші және тұтынушылар, тауарды өндірушілерден сатып алу жолы, тұтынушыларға қайта сату мақсатында немесе тауарды тұтынушыларға басқа төлем ақы жолымен оларды келесі өндірушіге сатуды қамтиды.

Қазіргі таңда ішкі сауда саласы экономиканың аса маңызды салаларының бірі және қарқынды серпінмен, әрі екпінмен даму үстінде. Жыл сайын Қазақстан Республикасында жаңа сауда кәсіпорындары: қоғамдық қол жетімді дүкендерден бастап, аса қазіргі заманғы сауда орталықтары мен гипермаркеттер пайда болып жатыр. Тауарлардың ассортименттері үнемі ұлғайып, сауда мекемелерінің түрі өзгеруде, қызметтер сапасы мен қызмет көрсету деңгейі жоғарылауда, ал сауда ұйымдарында ішкі бақылау мен аудитті дұрыс ұйымдастыру негізгі шаралардың бірі болып табылады.

Кілт сөздер: Экономикалық ақпараттар, сауда, сауда жүйесі, сауда ұйымдары, бақылау, бақылау қызметі, ағымдағы бақылау, ішкі бақылау, ішкі бақылау жүйесі, ішкі бақылау қызметі.

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде қаржылық ақпаратты пайдаланушылардың бұқаралық есептіліктің шынайылық, мәнділік және айқындылық секілді сипаттарына қоятын талаптары күшеюде. Әрине, мұндай жоғары талаптарды сақтау үшін есеп пен бақылау жүйесі өз дәрежесінде ұйымдастырылуы тиіс, осы мақсатта құрылыс ұйымдарында ішкі аудит қызметін ұйымдастыру ішкі шаруашылық бақылаудың

қосымша құралы ретінде ұйым жетекшілеріне өндіріс процесін шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Экономикалық ақпараттар жедел, үздіксіз және қатаң объективті болған жағдайда ғана өндірісті басқаруда маңыздылығы жоғарылай түседі. Сонымен бірге бақылау субъектілері нақты бақылау жұмыстарын жүзеге асырса, ал құрылымдық бөлімшелердің басшылары шығын нормаларының сақталуына жауап беріп және өндіріс шығындарының мақсатына сәйкес жұмсалуды есептеп, әрі бақылап отырса ішкі шаруашылық бақылаудың тиімділігі мен маңыздылығы арта түседі[1].

Бақылау сауда ұйымның өткен қаржылық-шаруашылық қызметінде орын алған қателіктерді, ауытқуларды, кемшіліктерді жоюға бағытталған. Ұйымның қызметінде пайда болған кемшіліктерді болдырмау және оларға жол бермеу үшін басқару шешімін қабылдауға және қабылданған шешімнің орындалуына ықпал ету құралы. Демек, дұрыс ұйымдастырылған бақылау сауда ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін жақсартуды және басқару жүйесін үнемі жетілдіруді, қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыруды көздейді.

Сауда ұйымдарында жедел бақылау басқару үрдісінде маңызды орын алады. Біріншіден, ол адамдардың тәртібіне, жауапкершілік орталықтарындағы жұмыстардың сапалы орындалуына әсер етіп, осы орталықтардағы тұлғалардың жауапкершілігін арттырады. Екіншіден, қойылған міндеттердің уақытылы және дәйекті орындалуына ықпал етеді. Үшіншіден, өндіріс үрдісінде қандайда бір тәртіп бұзушылық туралы ұйымның басшысының, мамандарының жеке қызметкерлерінің ақпарат алуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, басқарудың жедел араласуы мамандардың дербестігін жоғарылата түседі.

Жедел шаруашылық бақылау жүйесі алдын ала, ағымдағы және кейінгі болып үш кезеңнен тұрады.

Алдын ала бақылау күнделікті шаруашылық операциялары орындалғанға дейін жоспар және бюджет жасау, келісім шарттарға отыру және өкім құжаттарын рәсімдеу үрдісінде жүзеге асырылады. Мұндай бақылаудың мақсаты - материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының жұмсалуды ережелерінің бұзылмауын және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерін болдырмау және ескерту. Алдын ала бақылауда лауазымды тұлғалар маңызды орын атқарады.

Ағымдағы бақылау күнделікті жедел және бухгалтерлік есеп мәліметтерінің негізінде өндіріс барысында жүзеге асырылады. Оның мақсаты – жоспардың, өндірістік тапсырманың орындалуын және шығын нормаларының сақталуын, жүйелі бақылауды жүзеге асыру. Ағымдағы бақылау өндірістік тапсырмаларды орындауда жіберілген теріс ауытқуларды дер кезінде анықтауға, олардың себептерін талдауға және

кемшіліктерді жою шараларын қабылдауға, болашақта болдырмауға мүмкіндік береді.

Кейінгі бақылау шаруашылық қызметін талдауға байланысты бақылаудың ең толық түрі болып табылады. Ол бастапқы құжаттарда және есеп регистрлерінде операциялардың жасалғанынан кейін тіркелген мәліметтердің негізінде жүзеге асырылады. Мұндай бақылаудың мақсаты шаруашылық операцияларының дұрыстығын және заңдылығын, жіберілген кемшіліктерді, бұрмалаушылықтарды анықтау болып табылады. Кейінгі бақылау барлық өндірістік және экономикалық көрсеткіштерді болашақта жақсарту үшін пайдаланылмаған шаруашылық резервтерін іздестіруге және жұмылдыруға жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылған бақылаудың үш түрі де өзара байланыста болғандықтан оларды жүзеге асыру ұйымға ойдағыдай басшылық жасаудың міндетті талаптары болып табылады[2].

Бақылау қызметтерін орындау үшін қажетті қаражаттар болмаған жағдайда бақылау субъектілеріне оларды орындау үшін нұсқау беруге болмайды. Сонымен бірге қандай да бір қызметтермен байланыспайтын қаражаттар болмауы керек. Ішкі аудит субъектілерінің міндеттерін анықтау кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің қажетті көлемі берілуі тиіс.

Жедел бақылау қызметін басқарудың шеңберіндегі басқа да элементтермен өзара әрекетте қарастыру қажет. Бақылау мен байланысты міндеттерді шешу барысында әртүрлі функционалды бағыттар бойынша қызметкерлердің өзара әрекеті үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. Объектілердің салыстырмалы тар шеңберінде бақылауды топтастырып, жалпы тиімділікке қол жеткізуге болмайды, сондықтан әртүрлі типтегі объектілер барабар бақылаумен қамтылуы қажет[3].

Сауда ұйымдарында бақылау қызметтерінің сапалылығы жедел бақылаудың басқа субъектілерімен тексеріліп және оларды жүзеге асыру барысында бірін бірі қайталамау қажет. Басқарма, басқарма төрағасы, коммерциялық директор, бас бухгалтер, бас аудитор және тағы да басқалардың бақылау қызметтерінің дұрыс орындалуына ең алдымен қоғам құрылтайшылары қызығушылық танытады, сондықтан жоғарыда аталған субъектілердің қызметтері құрылтайшылардың жалпы жиналысымен бақылануы қажет деп есептейміз.

Өнімдерді өндіру кезінде негізгі міндеттердің бірі олардың өндірісін бақылау болып табылады. Сондықтан, өндірісті бақылау технологиялық процестің дұрыс жүргізілуін қадағалаудың және қажет болған жағдайда оны түзетудің негізгі құралы болып саналады. Сонымен қатар өндірістік бақылаудың мәліметтері ысыраптардың алдын алу шараларын қабылдауда негіз болып саналады. Өндірісте тұрақты және дұрыс

ұйымдастырылған бақылау жүйесі дайын өнім сапасын қадағалауға және жоғары сапалы өнімді шығаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сауда ұйымдарында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде ішкі аудитпен салыстырғанда бақылау объектісі болып өндірістік ресурстар мен өндірістік, технологиялық процестердің өзі емес, өндірістік ресурстардың пайдалану тиімділігі мен сақталуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерлердің (қойма меңгерушісі, нан және өндіріске шикізаттың қосымша түрлерін дайындайтын цех шебері; қамыр дайындау цехының шебері; өнім сапасын бақылауды іске асыратын, қосымша шикізат пен дайын өнімді зертханалық бақылаудан өткізетін зертханашылар; экспедитор; дайын өнім қоймасының меңгерушісі) қызметтері табылады.

Сондықтан өздерінің әрекеттері немесе әрекеттенбеуінен өнім өндірісінің технологиялық процесін сақтамай (шикізатты сақтау шарттарын орындамау, ет пен қосымша шикізатты артық жұмсау және т.б.) ұйымға зиян келтірген немесе өндірілетін өнім сапасының нашарлауына тікелей әсер еткен нақты тұлғалар жауап беруі керек.

Сауда ұйымдарының және оның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының қабылдаған шешімдерінің, жоғары тұрған органдарының өкімдері және нұсқаулары мен кейбір жағдайларда үйлеспей жататын кездері де болуы мүмкін. Сондықтан, ішкі шаруашылық бақылауды жүзеге асырған кезде олардың заңдылығы мен орындылығы тұрғысынан алып қарағанда мұқият тексеруге жатады. Бақылаудың объектісі – тексеруге жататын нысандар болса, субъектісі – лауазымды тұлғалар, қызметтер және материалдық-жауапты тұлғалар.

Сауда ұйымдарында бақылау қызметінің жетекшісі ұйымның басшысымен немесе жалпы қабылданған тәртіппен (лауазымдық нұсқауға сай) қызметке тағайындалады және босатылады.

Ішкі бақылаудың сенімді жүйесі кездейсоқ пайда болмайды. Оның пайда болуына бірқатар себептер әсер етеді, оның ішінде:

- басқару сапасы, яғни басшылықтың жұмысты тиімді жоспарлау мен бақылау қабілеті;
- қызметкерлердің біліктілігі және оның лауазымдық нұсқауларды дұрыс орындау қабілеті;
- міндеттерді бөлу және алмастыру үшін жағдай тудыратын еңбек ресурстарының болуы;

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы өзара байланысты, сондықтан, ішкі бақылаудың сенімді жүйесіне қызығушылық білдірген әкімшілік білікті қызметкерлер жалдауға ұмтылып, жоспарлау мен бақылау қажеттілігін мойындайды және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді.

Сауда компанияларын басқару мен дамыту уақытын тиімді, әрі ұтымды пайдалануға ұмтылған әкімшілік жауапкершіліктің негізгі бөлігін ішкі аудитке жүктейді. Ішкі бақылау қызметі осындай жауапкершілікті қабылдауға дайын. Сонымен аталған факторлар басқару сапасын анықтайды.

Нарықтық қатынастардың даму жағдайында сауда ұйымдарының экономикалық тиімді қызмет істеуіне талдау және жедел бақылаумен қатар ішкі аудиттің де алатын орны ерекше. Себебі аудит арқылы сауда ұйымдардағы бухгалтерлік есептің жүргізілу тәртіптерін сараптай отырып, ішкі бақылау жүйесінің тұрақты болуын қамтамасыз етуге болады. Сонымен қатар аудит шаруашылық субъектілерді толық ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, оңтайлы басқарушылық шешімдерді іріктеу мен кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, ұйымның қаржылық жағдайын тұрақтандыруға, қызмет тиімділігін арттыруға және қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Қазіргі жағдайда сауда ұйымының алдында ресурстарды тиімді пайдалануды, мемлекет алдындағы салықтар мен басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелердің уақытылы және толық орындалуын, жеткізушілер мен мердігерлерге борыштардың уақытылы өтелуін, сонымен бірге бухгалтерлік есеп пен есептемені дұрыс ұйымдастыруды және оның нақтылығын күнделікті бақылау қажеттігі туындап отыр.

Сондықтан ішкі бақылау жүйесінің негізгі міндеті ұйымның қаржылық, шаруашылық қызметтерінің нәтижесін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар ұйымдастыру және басқару қызметтерінің сапалылығын бақылай отырып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу болып саналады. Жалпы алғанда ішкі бақылаудың көмегімен өндіріс қызметінің жоспар мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылуын, сонымен бірге ұйымның әкімшілік тәртіптерінің орындалуын тексеруге және ұйымның барлық қаржылық және материалдық ресурстарының дұрыс пайдалануын қамтамасыз етуге болады.

Ішкі аудитті жүргізуде қолданылатын әдістер мен тәсілдер сыртқы аудитте қолданылатын тәртіптермен бірдей болуы тиіс. Сыртқы аудиттен ішкі аудиттің айырмашылығының бірі мұнда тексеру жұмыстары жоспарланып және жоспарсыз, яғни кенеттен болатындығында.

Өндіріс шығындары мен өндірілген өнім көлеміне ішкі аудит жүргізу барысында дәлелдемелер алу үшін нақты бақылау тәсілдері (толық, жаппай және іріктеп түгендеу, өлшеу, сараптау, және зертханалық талдаулар) қолданылады. Ішкі аудитор тексеру объектілері бойынша нақты нәтиже алу үшін іріктеу, байқау, қарама-қарсы тексеру, сұрау салу, аудиторлық іріктеу сияқты әдістерді қажеттілігіне қарай өз еркімен қолдануға мүмкіндігі бар.

Өндіріс шығындарына ішкі аудитті өткізу кезінде аудитор алдыменен ұйымның басқару есебінің жағдайымен, өндіріс технологиясымен, орындалатын жұмыстардың түрлерімен және өзіндік құнды калькуляциялау тәртібімен танысудан бастайды.

Нарықтық қатынастар жағдайында әрбір ұйым өздерінің есеп саясатын жасап, бекіткеннен кейін онда көрсетілген талаптарды орындауға міндетті, соған байланысты аудитор таңдап алынған шығындар есебі әдісінің тәжірибеде нақты қолданылуын, оның бухгалтерлік есеп стандарттары мен нормативтік құжаттарға сәйкестігін анықтаумен қатар, материалдық шығындардың орындалған жұмыстар мен аяқталмаған құрылыс арасында бөлінуін, өндіріс шығындары есебінен материалдық емес активтер мен негізгі құралдардың тозуын есептеудің, өндіріс жұмысшыларына еңбек ақы мен одан аударымдарды есептеудің, сонымен бірге құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану шығындары мен үстеме шығындарды негізгі өндіріске бөлудің, сондай-ақ есепті мерзім басындағы аяқталмаған құрылыс құнын анықтаудың дұрыстығын тексереді.

Негізгі өндіріс шығындарын ішкі аудиттеу барысында негізгі өндіріске қызмет көрсеткен қосалқы өндіріс пен көмекші өндіріс қызметтерінің құндарын және үстеме шығындар мен өндірістегі ақауды жою бойынша шығындарды өзіндік құнға таратудың дұрыстығына баса көңіл бөліну қажет[4].

Ұйымдарда ішкі аудитор шикізаттардың өндіріске немесе цехқа түсуін жан-жақты тексеруі керек, себебі жол жұмыстарының орталықтан алыс жерлерде орындалуына байланысты, кей жағдайда материалдар ұйымның сақтау орындарына түспей жабдықтаушылардан тікелей өндіріс орындарына жеткізіліп отырылады. Мұндай жағдайда, шикізаттардың түсуі және олардың жұмсалуы жөнінде ақпараттар дұрыс бола бермейді. Сондықтан өндірістегі материалдардың дұрыс жұмсалуын тексеру үшін сол орындарда түгендеу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі туындайды. Түгендеу жұмысы міндетті түрде ішкі аудитордың қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар аудитор ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерін қажетті алғашқы құжаттармен қамтамасыз ету жөнінде бас бухгалтеріне жазбаша талап қоюы тиіс.

Қорытындылай келе, сауда ұйымдарының шаруашылық іс-әрекетін неғұрлым тереңдеп зерттеуге және сараптауға бағытталған ішкі аудит қызметін қолданудың маңызы өте жоғары. Оның ерекшелігі сонда, ол бәрінен бұрын өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін анықтауға, мүліктердің жетіспеушілік, жоғалу немесе ұрлану фактілеріне, сондай-ақ шаруашылықты басқаруда орын алған кемшіліктерді ашуға және оларды жою бойынша шараларды қолдануға кеңес береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әжібаева З.Н., Байболтаева Н.Ә., Жұмағалиева Ж.Ғ. Аудит: оқулық / З.Н. Әжібаева, Н.Ә. Байболтаева, Ж.Ғ. Жұмағалиева. – Алматы: Экономика, 2006. – 253 б.
- 2 Байдәулетов М., Байдәулетов С.М. Аудит / М. Байдәулетов, С.М. Байдәулетов. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 226 б.
- 3 Шарипов А.Қ. Аудит: оқу құралы / А.Қ. Шарипов. – Алматы : Экономика, 2010. – 288 б.
- 4 Жақыпбеков С. Ішкі аудит: оқу құралы / С. Жақыпбеков. – Алматы: Экономика, 2008. – 344 б.

Р.А. Тулегенова¹

¹*Университет им. Сулеймана Демиреля, Каскелен, Қазақстан*

**ВНУТРЕННИЙ КОНТРОЛЬ И АУДИТ В ТОРГОВЫХ
ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Аннотация: Торгово-экономическая сфера жизни является основной деятельностью предпринимательства, полем и объектом биржевого товара. Она включает доставку, хранение товаров, подготовку к продаже, покупку и продажу товаров и предоставление услуг клиентам. Это означает, что данная сфера является, в контексте, экономическим посредником между производителями и потребителями продажи товаров поставщикам покупателям, для перепродажи потребителями, а так же других платежей между потребителями и производителями.

В настоящее время международная торговля является одним из наиболее важных отраслей экономики и развивается быстро и динамично. С каждым годом появляются новые торговые предприятия в Республике Казахстан: от мелких магазинов до современных центров и гипермаркетов. Стабильно увеличиваются ассортименты товаров, торговые организации пересматривают качество обслуживания и уровень сервиса населению. В этой связи, внедрение внутреннего аудита и контроля в торговых организациях является одним из основных условий качественного обслуживания населения.

Ключевые слова: Экономическая информация, торговля, торговая система, торговые организации, контроль, деятельность по осуществлению контроля, текущий контроль, внутренний контроль, системы внутреннего контроля, деятельность внутреннего контроля.

R.A. Tulegenova¹

¹*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

**INTERNAL CONTROL AND AUDIT IN COMMERCIAL
ORGANIZATIONS**

Abstract: Trade and economic sphere of life is the main business activity field, and the object of the exchange of goods, purchase and sale of goods for consumers and their service. It includes the delivery, storage of goods, preparation for the sale, purchase and sale of goods and provision of services to clients. This means that this area is in the context of an economic intermediary between producers and consumers purchasing goods suppliers for buyers for resale customers, as well as other payments between consumers and producers.

Currently, international trade is one of the most important sectors of the economy, and it is developing rapidly and dynamically. Every year there are new commercial enterprise in the Republic of Kazakhstan, from small shops to modern malls and hypermarkets. Steadily increase the range of goods, trade organizations are reviewing the quality of service and level of service to the population. In this regard, the introduction of internal audit and control of trade organizations is one of the basic conditions for high-quality public services.

Key words: Economic information, trade, the trading system, trade associations, control, control activities, current control, internal Control, internal control systems, the activities of the internal control.